



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№20 (980) Сейсенбі 26 мамыр 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

ФРАНЦИЯ АСТАНАСЫНДА ҚАЗАҚ ӨНЕРІ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Қазақстанның Франциядағы елшілігі және Қызылорда облысы әкімдігінің, «Sumbe» компаниясының қолдауымен Париждегі атақты дипломатиялық залдардың бірі – Cercle de l'Union Interalliée ғимаратында Қызылорда облыстық филармониясының концерті өтті. Мәдени шара Еуропадағы отандастар мен қандастардың басқосуы аясында мәдени байланысты нығайту және ұлттық өнер арқылы ұлт бірлігін дәріптеуді негіз етті.

Сыр өңірінен арнайы барған шығармашылық ұжым көременге халқымыздың төл өнерін, дәстүрлі музыкасын, күй мен бидің озық үлгілерін ұсынды. Кеш шымылдығы Құрманғазының «Балбырауын» күйімен ашылып, Қорқыт мұрасы, халық әндері мен Абай шығармалары орындалып, көрерменнің зор қошеметіне бөленді. Концертті Франциядағы шетелдік елшіліктердің басшылары мен қызметкерлері, көрнекті тұлғалары, Еуропаның бір-қатар елдерінде тұрып жатқан қандастарымыз, сондай-ақ Париж қаласының тұрғындары тамашалады.

Гастрольдік сапарға облыс әкімінің орынбасары Ардак Зебешев бастаған Сыр мәдениеті мен өнерінің насихатшылары, өнер ұжымдары мен әртістерінен құралған шығармашылық делегация барып қайтты. Концертте халық аспаптар ансамблі, (көркемдік жетекшісі Нұрғиса Нұрбай), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Мүсілім Әмзе (домбыра), күйші Болат Күзембаев (домбыра), дәстүрлі орындаушылар, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты Бисенбек Төлеубаев, Жәнібек Жаксан,

филармония солистері, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары Гауһар Бисекенова, Индира Баимбетова, Жалын Жүсіпов, Олжас Нұралиев, Назым Тілеу-лесова, Әлішер Шөжен, Арайлым Маханбетжанова және «Ай-Алш» заманауи би ансамблі өнер көрсетті.

Ғасырлар сырын сақтаған, Эйфель мұнарасы асқақтаған, Сена жағасында сан тағдыр мен сан өнер тоғысқан ғажайып шаһардың тұрғындары мен қонақтары ұлттық колөнер туындыларын тамашалап, ұлттық музыкамыз мен әлемдік классиканың танымал шығармаларын тыңдауға мүмкіндік алды. Сыр бойының төлтума өнерін, қазақ ұлттық фольклорын жоғары деңгейде насихаттаған өнер иелері көрерменнің зор ықыласы мен құрмет-қошеметіне бөленді.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі» газетіне
жеке жазылушылар
үшін индекс 65007**

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына
телефондар арқылы ала
аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.**

КОММУНАЛДЫҚ САПА ЖАҢА ТЕХНИКАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ



Ботаникалық саябақта облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың қатысуымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясындағы кең көлемді тазалық акциясы өтті.

Ауқымды акцияға облыс бойынша 17694 адам қатысты. Олардың қатарында зиялы қауым өкілдері, облыстық мәслихат депутаттары, басқарма, департамент және инспекция басшылары, «AMANAT» партиясының өкілдері, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, жастар ұйымдары мен экобелсенділер болды.

«Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Тазалық – өркениетті қоғамның айнасы, дамуға ұмтылған кез келген елдің мызғымас ұстанымы», - деген болатын. Қоршаған ортаны қорғау, оны күтіп ұстау тек мемлекеттің ғана емес, әр азаматтың міндеті және қоғамның ортақ негізгі құндылықтардың бірі болуы тиіс. Өңірімізде санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыстар қарқынды жүруде. Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі және Қорқыт ата сквері, бүгінгі шарамыз өтіп жатқан Ботаникалық саябақ қайта жаңғыртылып,

пайдалануға берілді. Өңірімізде дизайн код бекітіліп, облыс орталығынан бастап барлық елді мекендер бірегей архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді. Облыс орталығындағы 80-нен аса ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельмен қапталды. Биыл да бұл жұмыстар жалғасын тауып, қосымша 21 тұрғын үй жаңғыртудан өтуде», - деді аймақ басшысы.

Іс-шарада қоршаған ортаны қорғауға және тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізуге үлес қосқан 100 қызметкер марапатталды. Экологиялық инфрақұрылымды нығайту мақсатында салалық мекемелерге 26 арнайы техника табысталды. Оның ішінде қалдық тасымалдаушы көліктер, өрт сөндіру техникалары, тракторлар және кіші өрт сөндіру кешендері бар. Ботаникалық саябақ аумағы қоғалдандырылып, 500 түп қылқан жапырақты ағаш отырғызылды.

Бұл жұмыстар өңірді жасыл желекке бөлеуге, ауа сапасын жақсартуға және қала тұрғындары үшін қолайлы экологиялық орта қалыптастыруға бағытталды. «Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде облыстың барлық елді мекенінде бір мезгілде ауқымды сенбілік және абаттандыру жұмыстары

ұйымдастырылды. Облыс әкімі Ботаникалық бақ аумағында орналасқан Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бастамасымен қолға алынған жылыжай жұмысымен танысып, оқытушыларымен пікір алмасты. Жылыжайда көкөніс өсіріледі.

Айта кету керек, жыл басынан бері өңірдегі экологиялық шараларға 121 992 адам, яғни еріктілер, қоғам қайраткерлері, бюджет саласының және кәсіпорын қызметкерлері белсене қатысты. Осы уақыт аралығында 3 030 тоннаға жуық тұрмыстық қалдық шығарылып, 3 367 сквер мен парк, 256 тарихи-мәдени ескерткіш, 1 019 әлеуметтік нысан, 669 өнеркәсіп және бизнес нысаны, 210 су объектісі және 5 383 көше бойы тазартылды. Бұл жұмыстарға 548 арнайы техника жұмылдырылды. Сонымен қатар, жыл басынан бері облыс аумағына жергілікті климатқа бейімделген 88 567 түп ағаш көшеті отырғызылды. Олардың қатарында қарағаш, терек, Сыр талы және басқа да көшет түрлері бар.

Бүгінгі акция – өңірдегі экологиялық мәдениетті дамытуға, табиғатты қорғауды жүйелі жолға қоюға және тұрғындардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды бастама.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ



Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте өңірдегі маңызды инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылу барысы талқыланды.

ТҮНГІ РЕЙД ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Шаһар басшысының тапсырмасына сәйкес, қала әкімінің орынбасарлары Дархан Тұрсынбаев, Арнұр Нұрмағанбетов, қалалық полиция басқармасы және жауапты саланың жетекшілері түнгі рейд жұмыстарын ұйымдастыруда. Аралауда қоғамдық және ойын-сауық орындары мен көше бойы бақылауға алынып, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдеріңіз жүру

деректері, қоғамдық тәртіптің сақталуы, құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері назарда ұсталды.

Сондай-ақ, мектеп бітіруші түлектерге байланысты рұқсат етілмеген мерекелік жиындардың, түнгі серуендердің және түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында профилактикалық, түсіндіру жұмыстары жасалуда.





ТҮЛЕКТЕР ҮШІН ЕРЕКШЕ КҮН

2015 жылы ел игілігіне берілген Б. Момынбаев атындағы № 278-ші ІТ мектеп-лицейінде соңғы қонырау салтанаты өтіп, қала әкімі Нұржан Ахатов ұстаздар мен оқушыларды оқу жылының аяқталуымен құттықтады. Биыл бітіретін алғашқы 61 жас түлекке алдағы мемлекеттік сынақтан сүрінбей өтіп, қалаған мамандықтарының несі атануларына тілектестігін білдірді.

«Биыл оқу жылын 1 - 11 сынып аралығындағы 80 621 оқушы аяқтаса, оның 4 436-ы мектеп түлектері. Ал, озат 409 оқушы «Алтын белгіге», 442 оқушы үздік аттестатқа үміткер. Міне, біздің білімді ұрпақтың деңгейі жыл санап өсіп келеді. Ел Президенті Қасым - Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында: «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты» - деген болатын. Бұл бастама баршаға басты бағдар және кемел келешектің кілті – білімде екенін білдіреді. Бұл жолда ерен еңбегін сарп еткен ұстаздарға ризашылығым

шексіз. Балалардың тәрбиесін тыңғылықты қадағалап, білімге дәріптеген ата-аналарға алғысымды білдіремін», – деді Нұржан Сәбитұлы.

Айта кету керек, Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде жасампаз жобалар жүзеге асуда. Осының ішінде өскелең ұрпаққа арнап салынған әлеуметтік нысандар жетерлік. Қазір қалада 5 жаңа дәуір мектебі ел игілігіне берілді. Жас ұрпақтың таным көжигінен кеңейтіп, қажетті дағдыларға машықтануына «Оқушылар сарайы» салынды. Сол жағалаудан ашылған заманауи білім

ордасы – Физика -математика бағытындағы мектеп - лицейі де өркеніетке бастайтын өрелі білім ұясы. Мұнымен қоса, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық және инновациялық академиясы балаларды қабылдау.

Жақында «AI-KERIM» оқу - сауықтыру орталығы ашылды. Бұл – жыл он екі ай үздіксіз жұмыс жасайтын 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері. Оқушылар үшін аталған лагерь таптырмас тынығу орны болады.

Биылғы жазғы демалыс кезеңінде 70 802 оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп жанынан жұмыс жасайтын 61 жазғы тынығу лагерінде 2815 оқушы қамтылса, 61 лагерьде 17904 оқушы демалады. Мұнан бөлек, қала сыртында орналасқан 2 лагерь мен орталықтарда 4 ауысымда 1 564 бала демалыс уақыттарын тиімді өткізеді.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

АПАЯҚТАР АЯУШЫЛЫҚТЫ БІЛМЕЙДІ

Соңғы жылдары алаяқтық қылмыстары өрішіп кетті. Құзырлы органдар күнделікті БАҚ арқылы халықтың құқықтық сауатын көтеріп, алаяқтардан сақтандыруға тырысқанымен, бармақ тістеп қалатындар қатары кемімей келеді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында: «Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет» деп тапсыруы бекер емес.

Алаяқтарды есірттіп отырған не? Ең алдымен бұған азаматтардың сенімділігі себеп. Аңқау халық айналасындағылар алдап кетеді, сеніміне қиянат жасайды деп ойламайды. Елдің бәрін өзі сияқты қабылдап, қолындағы ақшасын кідіріссіз алаяқтарға ұстатады. Қылмыскерлер телефонын өшіріп, байланысқа шықпай қалған кезде де олар жамандық ойламайды. Көпшілігі алданып қалғанын түсінсе де, арыз жазуға, ақшасын қайтыртып, алаяқтардың жазаға тартылуына мүдделі бола бермейді.

Екінші бір топ құқықтық сауатының кемдігінен қылмыскерлер құрығына түсіп жатады. «Арзан жер әперем, кезексіз үй әперем, жылдам несие алуға көмектесем, баланды грантка түсіріп берем» деген секілді уәдеге сеніп, қаржысын қылмыскерлер қолына өзі барып ұстататын осылар. Олар құқықтық құжаттармен таныс емес, заң тетіктерін білмейді. Жаңа технология жетістіктерінің

арқасында барлық қызметтің ашық, қолжетімді екенінен де хабары жоқ. Содан болар, әлі күнге өз мәселесін заңды жолмен емес, таныс арқылы шешуге болады деп сенеді.

Алаяқтардың құрбанына айналғандардың келесі бір тобы – жеңіл табысқа, онай олжаға үйірлер. Арзан үй,

бар. Жалпы, интернет тұтынағындардың көптігі бұл қылмыстың өркендеуіне бірден-бір себеп болып отыр. Бүгінде азаматтардың қаражатын алдау жолымен заңсыз иемдену – жалғыз біздің елде емес, бүкіл әлемде белен алған өзекті мәселе.

Қазір мысалы өздерін банктің қауіпсіздік қызметі, полиция немесе проку - ратура қызметкері ретінде таныстырып, жанажырылқы танытқанып жаңа технологиядан хабары жоқ азаматтардың қаржысын жымқыру деректері көбейген.



бағасы төмен тауар, оп-онай ұтыс туралы естігенде кейбір азаматтар сақтықты да, сабырды да ұмытады. Есі кеткен осындай жандар алаяқтар ділгірлеп «тез-тез ақша салыңыз, соңғы тауар, ең соңғы орындар қалды» дегенде жинағанын қалай белгісіз адамдарға аударып жібергенін байқамай да қалады.

Осы қатарда интернет алаяқтар құрбандары да

Телефон тұтқасы мен компьютер экранының арғы бетінде тұрып арбайтын алаяқтар кесірінен шотындағы барлық қаржысынан айырылып, несиеге белшесінен батып жатқандар баршылық. Осының барлығы айналып келгенде қаржылық, құқықтық сауаттың кемдігінен. Сондықтан, халықтың сауатын көтеріп, сақтық шараларын жетілдіруге баса назар аударған жөн.

БАЛАЛАРДЫҢ МҮДДЕСІ ҚОРҒАЛДЫ



Қызылорда қалалық сотының сот бұйрығымен әйелдің пайдасына күйеуінен кәмелетке толмаған балалары кәмелетке толғанға дейін ай сайын табысының 1/3 бөлігі мөлшерінде алимент өндірілген. Сот бұйрығы негізінде жеке сот орындаушысымен атқарушылық іс жүргізу қозғалған. Кейін өндіріп алушы әйел жеке сот орындаушысына алимент өндіруден бас тартатыны туралы арыз берген. Осы арыздың негізінде атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған.

Алайда, әйел сотқа жүгініп, аталған арызды жұбайы мен оның туыстары тарапынан көрсетілген қысымның әсерімен жазғанын, оның құқықтық салдарын толық түсінбегенін көрсетіп, сот орындаушысының қаулысын заңсыз деп тануды сұраған. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексіне сай, ата-ана құқықтары баланың мүдделеріне қайшы жүзеге асырылмауға тиіс екені, баланың мүдделерін қамтамасыз ету оның ата-аналары жасайтын негізгі қамқорлықтың нысаны болып табылатыны көрсетілген. Яғни, кәмелетке толмаған балалар үшін өндірілген алименттен бас тарту заңнама талаптарына сай келмейді. Сот шешімімен жеке сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді тоқтату туралы қаулысының күші жойылды.

Сот шешіміне апелляциялық және кассациялық сот сатыларына шағым түсірілген, алайда сот шешімі өзгеріссіз қалдырылды.

ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасы бастығының бірінші орынбасары полиция полковнигі Шагиров Азиз Алиевич Қызылорда қаласындағы Торғай-Петролеум АҚ мекемесінің қызметкерлерімен кездесіп, интернет-алаяқтықтың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында соңғы уақытта кең таралған интернет-алаяқтық түрлері, атап айтқанда жалған банк қызметкерлері арқылы қонырау шалу, мессенджерлер мен әлеуметтік желілер арқылы күмәнді сілтемелер жіберу, онлайн несие рәсімдері және жеке деректерді заңсыз иемдену фактілері жөнінде айтылды.

Сонымен қатар азаматтарға бөтен адамдарға жеке мәліметтерін, банк картасының деректерін, SMS арқылы келген

кодтарды бермеу, күмәнді сілтемелерге өтпеу және белгісіз нөмірлерден келген хабарламаларға сақтықпен қарау қажеттігі түсіндірілді.

Полиция қызметкерлері интернет-кеңістігіндегі қауіпсіздік талаптарын сақтау – алаяқтардың құрбаны болмаудың негізгі жолы екенін атап өтті. Тұрғындарды сақ болуға және күмәнді жағдайлар туындаған кезде бірден полицияға хабарласуға шақырды.



ҚАУІПСІЗ ЖОЛ

Қауіпсіздік – өмір кепілі. Бір сәттік салғырттық орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін. Сондықтан жол-көлік оқиғаларының алдын алу, тұрғындардың қауіпсіздігін сақтау және әрбір азаматтың жауапкершілігін арттыру мақсатында 17-25 мамыр аралығында «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жол қозғалысы ережелерін сақтау мәдениетін қалыптастыру және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Осы ретте полиция қызметкерлері жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған рейдтік шараларды іске асырды. Әсіресе, жылдамдықты шамадан тыс асыру, қауіпсіздік белдігін таппау, мас күйінде көлік басқару, қарсы бағытқа шығу және жаяу жүргіншілердің белгіленбеген жерден өтуі сынды заңбұзушылықтарға бақылау күшейтілді.

Сонымен қатар, жол-көлік оқиғаларының болуын болдырмау, адам өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында тұрғындарға жолда барынша мұқият болу, жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтау қажеттігі түсіндірілді. Мамандардың айтуынша, жолдағы қауіпсіздік – әрбір азаматтың жауапкершілігі. Сондықтан жүргізушілер де, жаяу жүргіншілер де тәртіпке бағынып, сақтық шараларын естен шығармауы тиіс.

«Қауіпсіз жол» акциясы аясындағы профилактикалық жұмыстар алдағы уақытта да жалғасып, тұрғындарды жауапкершілікке және жол мәдениетін сақтауға шақырды.



СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ

«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің басшысы Д.Қамзаев Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында сот әкімшісінің басшысы құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заң талаптарын сақтау және құқыққа қайшы әрекеттерден аулақ болу мәселелеріне тоқталды.

Сонымен бірге, ортақ пайдаланылатын орындарды лақтау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау туралы құқық бұзушылықтарға қатысты мәселелер талқыланды. Студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, өзара пікір алмасты.

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты

23 ЖАСТАҒЫ ЖҮРГІЗУШІ ҰСТАЛДЫ

Қызылорда қаласында мас күйде көлік тізгіндеген 23 жастағы жүргізуші ұсталды.

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының патрульдік полиция қызметкерлері жол қозғалысы ережесін бұзған «BMW» автокөлігін тоқтатты. Тексеру барысында жүргізушінің алкогольдік ішімдік ішкені анықталды. Наркологиялық сараптама қорытындысына сәйкес, азаматтың орта дәрежелі масан күйде болғаны белгілі болды.

Аталған дерек бойынша құқық бұзушыға қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жағтама рәсімделді. Автокөлік арнайы тұрағына қойылды.

Мас күйінде көлік басқару – өз өміріңізге ғана емес, өзге жол қозғалысына қатысушылардың өміріне де үлкен қауіп төндіреді. Мұндай әрекет орны толмас қайғыға әкелуі мүмкін.



Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 18 мамырдағы №01-03/820 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иелері Махатов Сержан Батырхановичтің және Махатова Асия Оразбековнаның ортақ бірлескен меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, 4-ші ірілендірілген квартал, № 1 А құрылыс мекенжайында орналасқан көлемі 798,0 (жеті жүз тоқсан сегіз) шаршы метр ғимаратқа қызмет көрсету үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-009-1665) жер учаскесін автотұрақ салу үшін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 27 тамыз болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, № 24, № 14 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысн.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда №1167 от 25 мая 2026 года

О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года №374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорды Кызылординской области», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда № 01-03/820 от 18 мая 2026 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием для строительства автостоянки у собственников Махатова Сержана Батырхановича и Махатовой Асии Оразбековны на праве общей совместной собственности, расположенный по адресу: город Кызылорда, квартал 4-й укрупненный, строение № 1 А, площадью 798,0 (семьсот девяносто восемь) квадратных метров (кадастровый номер 10-156-009-1665) для обслуживания здания.

2. Датой принудительного отчуждения определить 27 августа 2026 года.

3. Местом обращения собственников земельного участка определить: город Кызылорда, улица Ибрая Жахаева, № 24, кабинет № 14.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

Н. Ахатов

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 25 мамырдағы № 1168 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі № 1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 18 мамырдағы № 01-03/821 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иелері Мальцева Елена Николаевнаның және Фатхи Реза Акбардың ортақ бірлескен меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Манап Көкенов көшесі, № 1 Д учаске мекенжайында орналасқан көлемі 2000,0 (екі мың) шаршы метр ғимарат құрылысы және оған қызмет көрсету үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-013-2580) жер учаскесін автотұрақ салу үшін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 27 тамыз болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, № 24, №14 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысн.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда №1168 от 25 мая 2026 года

О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года №374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорды Кызылординской области», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда № 01-03/821 от 18 мая 2026 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием для строительства автостоянки у собственников Мальцевой Елены Николаевны и Фатхи Реза Акбар на праве общей совместной собственности, расположенный по адресу: город Кызылорда, улица Манап Кокенова, участок № 1 Д, площадью 2000,0 (две тысячи) квадратных метров (кадастровый номер 10-156-013-2580) для строительства и обслуживания здания.

2. Датой принудительного отчуждения определить 27 августа 2026 года.

3. Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Ибрая Жахаева, № 24, кабинет № 14.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

Н. Ахатов

Объявление

ТОО «СП «Казгермунай» сообщает, что 01.07.2026 г. в 10:00 ч. по адресу Кызылординская область, Сырдарьинский район, Теренозекский с.о., с. Теренозек, ул. Конаева, 8, в Доме Культуры проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по проектам: Отчет о возможных воздействиях к проектам: "Дополнение к проекту разработки месторождения Акшабулак Центральный"; "Дополнение к проекту разработки месторождения Аксай"; "Дополнение к проекту разработки месторождения Аксай Южный"; "Дополнение к проекту разработки месторождения Нуралы".

Подключение в режиме онлайн на платформе ZOOM возможно по ссылке:

https://zoom.us/j/7555913367?pwd=INdu1i0zzSabDkFIVJitYSQ2pwNo5N.1&omn=96976364947

Идентификатор конференции: 755 591 3367, код: 593597.

Инициатор – ТОО «СП «Казгермунай», Кызылординская область, город Кызылорда, поселок Тасбогет, улица Амангельды 100, БИН 940240000021. Эл.адрес: kgm@kgm.kz

Разработчик проекта – АФ ТОО «КМГ Инжиниринг», 060097, г.Атырау, мкр Нурсая, пр. Елорда, 10., БИН 180541015056

Документация по заявочному пакету размещена на сайте НБД СОС и ПР https://hearings.ndbecology.gov.kz

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по электронной почте prd@korda.gov.kz

Дополнительную информацию по проектам можно получить по адресу: ASultanova@kmgc.kz, S.Moldabayev@kmgc.kz, тел.: 87122556633 (внутр.2211).

Географические координаты: Северная широта 46.06'4370" Восточная долгота 65.18'0285"

Тұрғын үй көмегін тағайындаудағы ашықтық – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың негізі

Қазіргі таңда халықты әлеуметтік қолдау-мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Әсіресе, аз қамтылған отбасыларға көрсетілетін тұрғын үй көмегі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бұл көмек коммуналдық қызметтерге төлем жасау шығындарын азайтып, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бүгінде мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электрондық форматқа көшірілген. Тұрғын үй көмегіне өтінішті «Электрондық үкімет» порталы арқылы беру азамат пен мемлекеттік қызметкер арасындағы тікелей байланысты азайтып, ашықтықты қамтамасыз етеді.

Тұрғын үй көмегі кімдерге көрсетіледі? Көмек тұрақты тіркелген және нақты тұратын мекенжайы бойынша бір ғана тұрғын үйге тағайындалады. Отбасының жиынтық табысы өтініш берілген тоқсанның алдындағы тоқсан бойынша есептеледі. Табыстың барлық түрлері-жалақы, жәрдемақы, алимент, кәсіпкерлік табыс, жалға беруден түсетін кіріс және өзге де кірістер ескеріледі.

Сонымен қатар тұрғын үй көмегі коммуналдық қызметтердің норматив шегіндегі шығындарына ғана беріледі. Яғни су, жарық, жылу, газ, тұрғын үйді күтіп-ұстау, байланыс қызметтері мен мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға

алынған тұрғын үй ақысының белгілі бір бөлігі өтеледі. Ал нормативтен тыс тұтыну немесе жеке тұлғадан жалға алынған баспана шығындары есепке алынбайды.

Тұрғын үй көмегі бір тоқсанға тағайындалады. Мерзімі аяқталғаннан кейін азаматтар қайтадан өтініш беріп, табыстары мен шығындарын растауы қажет. Егер табысты жасыру немесе жалған мәлімет ұсыну деректері анықталса, көрсетілген көмек тоқтатылып, заңнамаға сәйкес қайтару талап етіледі.

Бүгінде елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Мемлекет тарапынан мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға, ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етуге басымдық берілуде. Бұл бағытта әрбір мемлекеттік қызметкердің адалдығы мен жауапкершілігі маңызды болса, азаматтардың да заң талаптарын сақтауы үлкен рөл атқарады.

Қорытындылай келе, тұрғын үй көмегін тағайындаудағы заңдылық пен ашықтық-халықтың мемлекетке деген сенімін арттырудың басты кепілі. Әлеуметтік қолдау шынайы мұқтаж азаматтарға әділ әрі уақтылы көрсетілген жағдайда ғана өз мақсатына жетеді.

Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

МЕДИАЦИЯДА ЖЕҢІЛГЕН – ТАРАП БОЛМАЙДЫ

Сот залынан тараптардың көңілі толып, татуласып шығуы сирек. Өйткені, істің тәрелік алаңында таразылануы бір тараптың жеңісі, екінші тараптың жеңілісімен аяқталады. Ал медиацияда жеңілген тарап болмайды. Оның басты артықшылығы осында.



«Медиация туралы» заңы медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, оны жүргізу қағидағары мен рәсімін, медиатордың мәртебесін айқындайды. Басты мақсаты екі жақты ортақ мәмілеге келтіру. Медиация кезінде екі жақ та ризашылықпен тарасады. Талап қоюшы сотқа жазған арызында жауапкерге қойған талабынан бас тартып, жауапкермен бір мәмілеге келгенде, нақтылай түссек екі жақтың келісімге келуіне байланысты медиация рәсімделеді. Заң талабына сәйкес тараптардың арызы бойынша сот хаттамасы толтырылып, іске тігіледі. Бұл тараптарға алдағы уақытта сотқа, осы мәселе бойынша осы негіздермен қайтадан жүгінуге жол берілмейтін ескертіп, түсіндіру болып саналады.

Медиация жүргізуге байланысты тараптардан арыз түскенде ол аяқталғанша судья 30 күнтізбелік мерзімге істі тоқтатады. Содан кейін

тәртіп бойынша судья екі жақтың келісімге келуі жөнінде ұйғарым шығарады. Медиация барысында медиатор екі жаққа да медиацияның рөлі және оның құқықтық әсері жөнінде толық мәлімет беруі қажет. Бұл ретте екі жақтың да құқығы бірдей екенін және олардың бір-біріне сыйластықпен қарауы керектігін ұғындырған маңызды. Тағы бір ескеретін мәселе дауласқан тараптар соңғы сот процесінде татуласса да медиациялық тәсіл рәсімделеді.

Бүгінгі таңда медиацияның қолдану аясы кеңейе түсуде. Мұны өмір суру қажеттілігін адами тұрғыда өтеу деп те бағалаған дұрыс. Қорыта айтқанда, өзара келісімге келе алмай жүрген азаматтардың дауларын зерделегенде түбі медиацияға тірелетінін сан рет аңғардым. Сондықтан мүмкіндіктерді пайдалана отырып, осы құндылықты, яғни медиациялық тәсілдің артықшылықтарын түсіндіру, ұғындыру міндетіміз.

ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ КҮШЕЙТІЛГЕН БАҚЫЛАУ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының саптық алаңында гарнизондық саптық жиын өтті. Жиынды басқарма бастығының орынбасары, полиция полковнигі Пазылов Нұрмахан Сансығбайұлы жүргізді. Жиын барысында демалыс күндері қоғамдық тәртіпті сақтау, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстың алдын алу бағытында күшейтілген бақылау шаралары жүргізілетіні тапсырылды.

ХАБАРЛАМА!

Кізылорда қаласы аумағындағы ауыл шаруашылығы жерлерінен шаруа немесе фермер кооперативі, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеуі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі қосымша хабарламаны тиісті облыс шегіндегі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарында және орталық уәкілетті органдарының интернет-ресурсында жарияланған.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау: Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, № 24 мекен-жайында орналасқан «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2026 жылдың 10 маусым сағат 9:00-ден – 23 маусым сағат 13:00-ге дейін қабылданады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қызылорда облыстық филиалының (Қызылорда қаласы, Мүсірәлі Әжіқожа көшесі 10, Эмпайр мейрамханасына қарсы орналасқан)) ғимараты мекенжайында 24 маусым күні сағат 10:00-ден бастап өткізілетіндігін хабарлаймыз.

2) Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары

немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;
5) өтінім беруші шаруа немесе фермер

қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы

максатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген жеке ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Байланыс телефоны:
(8 7242) 27-42-42, 27-78-30.

Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы конкурса шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

№	Жер учаскесінің орналасқан орыны	Жер учаскесінің көлемі, га.	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Алқаптардың құрамы	Бонитет баллы	Сумен қамтамасыз етілуі мүмкіндігі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	«Медетбай» өңірі, нөмірсіз	250,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Жайылымы-235,0 га, Бөгде жері-15,0 га	7	бар
2	«Тоған» өңірі, № 1 учаске	33,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Жайылымы-30,0 га, Бөгде жері-3,0 га	6	бар
3	«Кенесарық» өңірі, нөмірсіз	5,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Жайылымы-5,0 га, Бөгде жері-га	12	бар
4	«Көксу» өңірі, нөмірсіз	40,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Жайылымы-35,0 га, Бөгде жері-5,0 га	13	бар
5	«Айнакөл» өңірі, нөмірсіз	10,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Жайылымы-8,0 га, Бөгде жері-2,0 га	18	бар
6	«Арпалық» өңірі, нөмірсіз	254,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Жайылымы-247,0 га, Бөгде жері-7,0 га	8	бар
7	«Барлықөл» өңірі, нөмірсіз	120,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Жайылымы-114,0 га, Бөгде жері-6,0 га	2	жоқ
8	«Бидайкөл» өңірі, нөмірсіз	200,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Жайылымы-192,0 га, Бөгде жері-8,0 га	9	жоқ
9	Абай ауылы, №7 ауыспалы егістік аумағы	66,7	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Егістігі-61,0 га, Бөгде жері-5,7 га	26	бар
10	«Наркөл» өңірі, нөмірсіз	50,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Жайылымы-44,0 га, Бөгде жері-6,0 га	12	жоқ
11	«Батырбай» өңірі, нөмірсіз	17,8	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Жайылымы-16,8 га, Бөгде жері-1,0 га	14	бар
12	«Жаңақасқұм» өңірі, нөмірсіз	18,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Жайылымы-15,0 га, Бөгде жері-3,0 га	6	бар
13	«Аяқкөл» өңірі, нөмірсіз	18,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Жайылымы-15,0 га, Бөгде жері-3,0 га	2	бар
	БАҒЫТЫ:	1082,5					

ИЗВЕЩЕНИЕ!

Информация о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства из сельскохозяйственных земель города Кызылорда размещена на интернет-ресурсах местного исполнительного органа города областного значения и центрального уполномоченного органа.

Прием заявок на участие в конкурсе осуществляется коммунальным государственным учреждением «Кызылординского городского отдела сельского хозяйства и земельных отношений» по адресу: город Кызылорда, улица Ыбрая Жахаева, № 24 с 9:00 часов 10 июня 2026 года до 13:00 часов 23 июня 2026 года.

Место и время проведения конкурса: 24 июня 2026 года с 10:00 часов в здании областного филиала палаты предпринимателей Кызылординской области

Национальной палаты предпринимателей Республики
Казахстан «Атамекен» (по адресу г. Кызылорда,
ул. Мусирали Ажигожа 10 (напротив ресторана
Эмпайр)).

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилирован-

ных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае

признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

**Контактные телефоны: (8 7242) 27-42-42,
27-78-30.**

№	Расположение земельного участка	Площадь земельного участка (га)	Целевое назначение земельного участка	Права землепользования	Состав угодий	Бонитет бал	Возможность водоснабжения
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Урочище «Медетбай», без номера	250,0	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет	Пастбище-235,0 га, Прочие угодья -15,0 га	7	есть
2	Урочище «Тоған», без номера	33,0	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет	Пастбище-30,0 га, Прочие угодья -3,0 га	6	есть
3	Урочище «Кенесарық», без номера	5,0	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет	Пастбище-5,0 га, Прочие угодья -га	12	есть
4	Урочище «Көксу», без номера	40,0	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет	Пастбище-35,0 га, Прочие угодья-5,0 га	13	есть
5	Урочище «Айнакөл», без номера	10,0	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет	Пастбище-8,0 га, Прочие угодья-2,0 га	18	есть
6	Урочище «Арпалық», без номера	254,0	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет	Пастбище-247,0 га, Прочие угодья-7,0 га	8	есть
7	Урочище «Барлықөл», без номера	120,0	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет	Пастбище-114,0 га, Прочие угодья-6,0 га	2	нет
8	Урочище «Бидайкөл», без номера	200,0	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет	Пастбище-192,0 га, Прочие угодья-8,0 га	9	есть
9	село Абай, территория севооборота № 7	66,7	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет	Пашня-61,0 га, Прочие угодья-5,7 га	26	есть
10	Урочище «Наркөл», без номера	50,0	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет	Пастбище-44,0 га, Прочие угодья -6,0 га	12	Нет
11	Урочище «Батырбай», без номера	17,8	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет	Пастбище-16,8 га, Прочие угодья-1,0 га	14	есть
12	Урочище «Жанғаққұм», без номера	18,0	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет	Пастбище-15,0 га, Прочие угодья-3,0 га	6	есть
13	Урочище «Аяқкөл», без номера	18,0	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования на 10 (десять) лет	Пастбище-15,0 га, Прочие угодья-3,0 га	2	есть
	Всего:	1082.5					

Қызылорда қаласының әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының және орынбасарының азаматтарды жеке қабылдау кестесі

P/c	Жеке кабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке кабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке кабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1.	Әжібеков Мейрамбек Темірханұлы	Бөлім басшысы	Жұма күні сағат 16:00-18:00-ге дейін	Ы.Жахаев көшесі №24	40-05-54
2.	Әзірбек Нұрбек Әзірбекұлы	Бөлім басшысының орынбасары	Бейсенбі күні сағат: 16:00-18:00-ге дейін	Ы.Жахаев көшесі №24	40-05-58

<p>Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС</p> <p>Директор-Бас редактор Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы</p> <p>Ақылдастар алқасы: Әбілбай Садықбаев Рысбай Кәрімов</p>	<p>Жауапты хатшы Зибаш ӘЛИ 8 705 982 76 61</p>	<p>Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 куәлігі берілген.</p> <p>Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициқталған</p> <p>Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы: Тоқағанбетов көшесі 36 а, 1 қабат 4 кабинет</p> <p>Телефон: 8 777 752 54 63</p>	<p>Газет редакцияның компьютер орталығында тіркеліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62</p> <p>Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.</p> <p>Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді</p> <p>Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91</p>	<p>Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды</p> <p>Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді</p> <p>Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді</p> <p>Таралымы 8536 дана Индекс 66503 Тапсырыс №117</p> <p>E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru Электронды нұсқасы: https:// ret-gazeta.kz/</p>
--	---	---	--	---	--